**«ZIATKER TURAN» ЖШС 2025-2026 оқу жылындағы**

**5-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама**

2025-2026 оқу жылында 5-сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысының негізгі мақсаты оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштік қасиетті, адамгершілік пен жауапкершілікті, еңбеккорлықты, достық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту және мектеп, отбасы, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Тәрбие жұмысы оқу жылы бойы айлық тақырыптар мен апталық дәйексөздерге, «ДОСБОЛІКЕ», «Еңбегі адал жас өрен», «Smart bala», «Балалар кітапханасы» жобаларына және қауіпсіздік сабақтарына сәйкес ұйымдастырылды.

**Негізгі міндеттері**

- Оқушылардың бойында Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Отбасы құндылықтарын дәріптеу және ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, жауапкершілік және еңбеккорлық қасиеттерін дамыту;
- Сынып оқушылары арасында достық қарым-қатынас пен өзара сыйластықты нығайту;
- Буллингтің алдын алу және оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Құқықтық сауаттылықты арттыру;
- Жолда жүру, тұрмыста және қоғамдық ортада қауіпсіздік ережелерін меңгерту;
- Цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыру;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Ұлттық мәдениет пен тарихи тұлғаларға құрмет сезімін қалыптастыру;
- Оқушылардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыру.

**Жыл бойы атқарылған жұмыстар**

**Қыркүйек - еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы**

Оқу жылы «Білім күні» іс-шараларымен басталды. Алғашқы сынып сағаттарында оқушылардың бір-бірімен танысуына, сынып ұжымын қалыптастыруға және жағымды психологиялық ахуал орнатуға көңіл бөлінді.

«Отбасындағы сыйластық» тақырыбында отбасының бала өміріндегі маңызы, ата-ананы құрметтеу, отбасы мүшелерімен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы әңгіме жүргізілді.

«ДОСБОЛІКЕ – Буллингтен қорған!» тақырыбында буллингтің алдын алу, достық қарым-қатынас, бір-біріне қолдау көрсету мәселелері қарастырылды.

«Еңбек түбі - береке» тақырыбында еңбеккорлықтың адам өміріндегі маңызы түсіндіріліп, еңбекті бағалауға тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқушыларға Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері, мектептегі қауіпсіз мінез-құлық, қолайсыз ауа райында қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Қазан - тәуелсіздік және отаншылдық айы**

Қазан айында ұстаз еңбегін құрметтеу, тарихи-мәдени құндылықтарды дәріптеу және Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілді.

«Ұстаз - мейірімді жүрек иесі» тақырыбында Мұғалімдер күніне байланысты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған іс-шарада ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер беріліп, оқушылардың әдеби-танымдық қызығушылығы арттырылды.

25 қазан - Республика күніне орай «Қазақстан ортақ үйіміз» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, Қазақстанның тәуелсіздігі, мемлекеттік рәміздері, туған жерге деген сүйіспеншілік туралы түсініктер кеңейтілді.

**Қараша - әділдік және жауапкершілік айы**

Қараша айында оқушылардың адалдық, әділдік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше мән берілді.

«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» тақырыбында оқушылармен адал еңбек пен жауапкершіліктің маңызы талқыланды.

15 қараша - Ұлттық валюта теңге күніне орай «Ұлттық валюта - теңге» тақырыбында танымдық сынып сағаты өткізілді. Оқушылар теңгенің тарихы және ұлттық валютаға деген құрмет туралы мағлұмат алды.

«ДОСБОЛІКЕ – Сенімділік сәттіліктің кепілі» тақырыбында оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру, буллинг жағдайларында дұрыс әрекет ету және бір-біріне қолдау көрсету мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар су, тамақ және энергия ресурстарын үнемді тұтыну туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Желтоқсан - бірлік және ынтымақ айы**

Желтоқсан айында оқушылардың бірлік, ынтымақтастық және отансүйгіштік қасиеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына байланысты батырдың өмірі, ерлігі, отансүйгіштік қасиеттері туралы тәрбие сағаты өткізілді.

«ДОСБОЛІКЕ - Өзімізді басқаруды үйренеміз» тақырыбында эмоцияны басқару, өз әрекетіне жауап беру, сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас орнату мәселелері талқыланды.

16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тең дәсі жоқ байлығым» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды.

Жаңа жыл қарсаңында «Жаңа жылдық тарту» тақырыбында тәрбиелік іс-шара өткізіліп, оқушылардың шығармашылық белсенділігі арттырылды.

**Қаңтар - заң және тәртіп айы**

Қаңтар айында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және тәртіп сақтау мәдениетін қалыптастыруға көңіл бөлінді.

«Біз - сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында адалдық, әділдік, жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді.

«ДОСБОЛІКЕ - Қорқыныш сезімі дос па, әлде жау ма?» тақырыбында оқушылардың өз сезімдерін түсінуі, қорқыныш жағдайында дұрыс шешім қабылдауы және көмек сұрай білуі талқыланды.

«Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында оқушылардың құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабақтарында көшедегі қауіпті нысандар, ойын алаңындағы қауіпсіздік, жол белгілері және реттеушінің белгілері бойынша практикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Ақпан - жасампаздық және жауапшылдық айы**

Ақпан айында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, цифрлық сауаттылығын арттыруға және зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Smart bala» жобасы аясында «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында қауіпсіз интернетті пайдалану, жеке мәліметтерді қорғау, әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай ақынның шығармашылығына арналған танымдық тәрбие сағаты өткізілді.

«Лудомания» тақырыбында құмар ойындардың зияны, тәуелділіктің алдын алу және бос уақытты тиімді ұйымдастыру мәселелері түсіндірілді.

«Мектеп мүлкіне жанашырлық мәдениеттіліктің белгісі» тақырыбында оқушылардың мектеп мүлкіне ұқыпты қарауы, өз құқықтары мен міндеттерін білуі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Наурыз - тәуелсіздік және отаншылдық айы**

Наурыз айында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, патриоттық тәрбие және отбасы құндылықтарын нығайту бағытында жұмыстар жүргізілді.

1 наурыз - Алғыс айту күніне орай «Алғыс ізгі ниет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар жақсылық жасау, ризашылық білдіру және айналасындағы адамдарды бағалау туралы ой бөлісті.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Ананың аялы алақаны» челленджіне оқушылар қатысты.

«Наурыз - жыл басы» тақырыбында ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері туралы түсініктер кеңейтілді.

Қауіпсіздік сабақтарында қолайсыз ауа райындағы қауіпсіздік, қақтығыс жағдайларындағы дұрыс әрекет және әлеуметтік желілердегі қауіпсіз мінез-құлық мәселелері қамтылды.

**Сәуір - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

Сәуір айында кітап оқуға қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ғылымға қызығушылықты дамыту және мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап сарқылмас бұлақ» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында сүйікті кітаптары мен кейіпкерлері туралы пікір алмасу ұйымдастырылды.

7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Өмірге салауатты қадам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, дұрыс тамақтану, дене белсенділігі және жеке гигиена туралы ақпарат берілді.

12 сәуір - Ғарышкерлер күніне байланысты «Байқоңырдан басталған сапар» тақырыбында танымдық сынып сағаты ұйымдастырылды.

«ДОСБОЛЫҚЕ - Буллингке жол жоқ!» тақырыбында достық, өзара құрмет және буллингтің алдын алу мәселелері қарастырылды.

Сонымен бірге оқушыларға болашақ мамандықтар туралы түсінік беріліп, еңбектің адам өміріндегі маңызы түсіндірілді.

**Мамыр - бірлік және ыштымақ айы**

Мамыр айында Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні, Халықаралық отбасы күні және бірлік тақырыптарына арналған тәрбие жұмыстары жүргізілді.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай «Ұранды ердің ұрпағы қайсар» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар Отан қорғау, елге қызмет ету, батырлық пен жауапкершілік туралы ойларын ортаға салды.

«Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында отбасының адам өміріндегі орны, отбасы мүшелерінің өзара сыйластығы және жауапкершілігі туралы әңгіме жүргізілді.

«ДОСБОЛЫҚЕ – Буллингтен қорған!» тақырыбында оқу жылы бойы жүргізілген буллингтің алдын алу жұмыстары қорытындыланды.

«Білімім - Отаныма!» тақырыбында оқушылардың оқу жетістіктері, білімнің адам өміріндегі маңызы және алған білімді болашақта ел игілігіне пайдалану мәселелері талқыланды.

Жыл бойы жүргізілген қауіпсіздік сабақтары бойынша оқушылардың жолда жүру ережелері, қоғамдық көліктегі қауіпсіздік, ауа райының жол қозғалысына әсері, велосипедпен жүру, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету дағдылары бекітілді.

**Қауіпсіздік бағытындағы жұмыстар**

Оқу жылы барысында әрбір сынып сағатында 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Негізгі қамтылған тақырыптар:

- Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері;
- Мектептегі қауіпсіз мінез-құлық қағидалары;
- Қолайсыз ауа райындағы қауіпсіздік;
- Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар;
- Әлеуметтік желілердегі қауіпсіз мінез-құлық;
- Қауіпті челлендждердің алдын алу;
- Көшедегі қауіпті нысандардан сақтану;
- Қауіпсіз ойын алаңындағы тәртіп;
- Бейтаныс адамдардан қауіпсіз түрде бас тарту;
- Денсаулықты сақтайтын әдеттер;
- Жол белгілері мен жол қозғалысы ережелері;
- Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік;
- Велосипедпен жүру қауіпсіздігі.

Жол қозғалысы ережелері бойынша арнайы сабақтар өткізіліп, оқушылардың жолдағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Ата-аналармен жұмыс**

Оқу жылы барысында ата-аналармен тығыз байланыс орнатуға көңіл бөлінді. Оқушылардың оқу үлгерімі, тәртібі, қауіпсіздігі және тәрбиесі бойынша жеке әңгімелесулер жүргізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағытында отбасы құндылықтары, балаға қолдау көрсету, баланың қауіпсіздігі мен эмоционалдық жағдайына назар аудару мәселелері қарастырылды.

«Ананың аялы алақаны» челленджі сияқты тәрбиелік іс-шараларға ата-аналардың қатысуы ұйымдастырылды.

**Оқушылармен жеке жұмыс**

Оқу жылы барысында оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сабаққа қатысуы, тәртібі, қарым-қатынасы және қоғамдық жұмыстарға белсенділігі бақылауда болды.

Қажет болған жағдайда оқушылармен жеке профилактикалық әңгімелер жүргізіліп, сыныптағы өзара қарым-қатынасты жақсарту, жауапкершілікті арттыру және жағымды мінез-құлық қалыптастыру бағытында жұмыстар атқарылды.

**Жылдық қорытынды**

2025-2026 оқу жылында 5-сыныптарда тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Оқу жылы барысында оқушылардың бойында отансүйгіштік, адамгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік, адалдық, достық, өзара сыйластық және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылды.

Оқушылар ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдерін толықтырды, тарихи тұлғалар мен ұлттық мерекелердің маңызын түсінді. Сынып сағаттары, пікірталастар, челлендждер, бейнероликтер, танымдық іс-шаралар және қауіпсіздік сабақтары оқушылардың белсенді қатысуымен өткізілді.

«ДОСБОЛЛІКЕ» жобасы аясындағы жұмыстар оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға, буллингтің алдын алуға және бір-біріне құрметпен қарауға бағытталды. «Еңбегі адал жас өрен», «Smart bala», «Балалар кітапханасы» жобалары арқылы еңбекке, білімге, кітап оқуға және цифрлық қауіпсіздікке деген қызығушылықтары арттырылды.

Жалпы, 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, сынып ұжымының бірлігін нығайтуға және оқушылардың жан-жақты тұлғалық дамуына бағытталды.

**Келесі оқу жылына ұсыныстар**

1. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру жұмыстарын жалғастыру.
2. Буллингтің алдын алу және достық қарым-қатынасты нығайту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
3. Ата-аналармен байланысты одан әрі күшейту.
4. Қауіпсіздік сабақтарының практикалық бағыттарын көбейту.
5. Оқушыларды қоғамдық және шығармашылық іс-шараларға белсенді қатыстыру.
6. Оқушылардың цифрлық сауаттылығы мен интернет қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.
7. Ұлттық құндылықтар мен отансүйгіштік тәрбиеге бағытталған іс-шараларды көбейту.
8. Әр оқушының жеке қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып, жеке тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

Жасалған жұмыстардың дәлелдеме құжаттарының үлгісі қосымшада ұсынылды (5Б сынып)

**Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі:** Ғ.Омахан

**Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** М.А.Жадикова